ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2016 жылғы 6 сәуір

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 251

город Астана

«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ
20 16 ж. «14» 04
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 13593 болып тіркелді

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады.
Бланк без серийного номера недействителен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8890 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 28 қарашадағы № 263 (28202) санында жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген оқыту орыс тіліндегі 1-11-сыныптарға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер тізбесінде:

«7-сынып» мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері, 77-1, 77-2, жолдармен толықтырылсын:

«

77-1	Қазақ тілі. Оқулық. 7-сынып	Т. Артықова, Г. Ермекбаева	2016	Атамұра
77-2	Физика. Оқулық. 7-сынып	Р. Башарұлы, У.Тоқбергенова, Д. Қазақбаева	2016	Атамұра

»;

«8-сынып» мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері, 176-178, жолдармен толықтырылсын:

«

006866

176	Қазақ тілі. Оқулық. 8-сынып	Т. Артықова, Г. Ермекбаева	2016	Атамұра
177	Қазақ тілі. Оқулық 8-сынып	С. Жұманова	2016	Мектеп
178	Қазақ тілі. Оқулық 8-сынып	С. Дүйсебаев, А. Қошқари, Г. Байтілеуова, Г. Боранбаева	2016	Мектеп

»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құралдар тізбесі, мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері, 145-146, жолдармен толықтырылсын:

«

145	Зайырлылык және дінтану негіздері	Ғ. Есім, Е. Смағұлов	2016	Білім
146	Светскость и основы религиоведения. Учебник. 9 класс	Есим Г., Абуов А., Смагулов Е.	2016	Білім

».

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С.Н. Нюсупов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып жолдауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мөрімен расталған және осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифлық қолтаңбасымен куәландырылған баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Білім басқармалары осы бұйрықты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау

комитетінің төрағасы С.Н.Нүсіповке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрі **Е. Сағадиев**